

## БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

## ҚР ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.02.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/131675/>

Кеңес мүшелері оқу-ағарту және балалар құқығын қорғау саласындағы маңызды мәселелермен бөлісті. Ғани Бейсембаев кеңес мүшелерінің ашық әрі әділ жұмыс жасайтынына сенім білдірді.

*«ҚР Оқу-ағарту министрлігі үшін қоғамдық кеңестің ролі маңызды. Өзекті мәселелерді көтеріп жан-жақты жұмыстарды жасауларыңыз тиіс. Оқу-ағарту министрлігі өз кезегінде қоғамдық кеңес мүшелерімен ашық қарым-қатынас орнатып жұмыс атқарады», — деп атап өтті министр Ғани Бейсембаев.*

Естеріңізге сала кетейік, ҚР Оқу-ағарту министрлігі жанындағы қоғамдық кеңес құрамына 23 адам кіреді. Олардың қатарында жеке білім беру, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер, депутаттар, IT-саласының мамандары және педагогтар бар.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.